



# Ақмешіт

8 қаңтар  
сенбі

№2 (1807)

2022 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

«Қазақстан Республикасының Президенті ретінде сіздердің өмірлеріңізді қорғау үшін барымды саламын. Бірге жеңіске жетеміз деп ойлаймын. Бұл — ел тарихындағы күрделі кезең. Бұл қалай, неге болды деген сұрақтардың жауабын анықтауға тура келеді. Бірақ бастысы, елімізді, азаматтарымызды қорғау».

(ҚР Президенті  
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ).

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ

**Құрметті отандастар!**

Елімізде лаңкестікке қарсы операция жалғасуда. Полиция, ұлттық ұлан және армиямыздың күшімен Конституцияға сәйкес заңдылық пен тәртіп орнату мақсатында ауқымды әрі күрделі жұмыс атқарылып жатыр.

Кеше Алматы, Ақтөбе қалалары мен Алматы облысындағы жағдай қалпына келтірілді. Енгізілген төтенше жағдай режимі өз нәтижесін берді. Бүкіл еліміз бойынша конституциялық заңдылық орнатылды.

Бірақ террористер мемлекеттік және жеке азаматтардың дүние-мүлкіне әлі де залалын келтіріп, азаматтарға қарсы қару қолдануда.

Құқық қорғау органдары мен армияға ескертусіз оқ атуға бұйрық бердім.

Шетелде тараптарға келіссөз жүргізіп, проблемаларды бейбіт жолмен шешуге шақырған сөздер айтылуда. Не деген ақымдық?! Қылмыскерлермен, қанішерлермен қандай келіссөз болуы мүмкін?

Біз қаруланған әрі дайындықтан өткен жергілікті және шетелдік содырлармен бетпе-бет келіп отырмыз. Нақты айтқанда, содырлармен және лаңкестермен. Сондықтан оларды жою керек. Бұл жуық арада жүзеге асырылады.

Күштік құрылымдар бұл міндетті моральдық және техникалық тұрғыдан орындауға дайын.

Өздеріңізге мәлім, ҰҚШҰ-ның жарғылық құжаттарының негізгі ережелеріне сәйкес Қазақстан конституциялық тәртіпті ретке келтіруге көмек беру үшін Ұйымға мүше мемлекеттердің басшыларынан біріккен бітімгерлік күштерін енгізуді сұрады.

Бітімгерлік күштер еліміздегі стратегиялық нысандардың қорғалуын және қызметін қамтамасыз ету үшін қысқа мерзімге келді.

ҰҚШҰ-ға төрағалық етіп отырған Арменияның Премьер-министріне, сондай-ақ Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан президенттеріне шынайы алғыс айтамын.

Ресей Президенті Владимир Путинге ерекше ризашылық білдіремін. Ол менің үндеуіме жедел, ең бастысы, жолдастық ниетпен үн қатты.

Сонымен қатар Қытай Төрағасына, Өзбекстан, Түркия президенттеріне, БҰҰ-ның және басқа да халықаралық ұйымдардың басшыларына қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамын.

Еліміздегі қайғылы жағдай демократия мен адам құқығы мәселелерінің жаңа қырын ашып көрсетті.



Демократия дегеніміз – жүгенсіздік емес, әсіресе блогосферада заңға қайшы әрекет ететін арандатушылық емес.

Туәлсіздіктің 30 жылдығына орай сөйлеген сөзімде заң мен тәртіп еліміздің игілігі мен берекесінің негізгі кепілі екенін айттым.

Бұл тек Қазақстанға ғана емес, барлық өркениетті мемлекетке тән. Бұл азаматтардың бостандығы мен адам құқығын шектеу деген сөз емес. Керісінше, Алматыдағы және Қазақстанның өзге де қалаларындағы қайғылы жағдай заңның сақталмауы, шектен шыққандық және анархия адам құқығының бұзылуына әкеп соқтыратынын көрсетті.

Алматыда содыр-лаңкестердің қолынан әкімшілік ғимараттар ғана емес, бейбіт тұрғындардың мүлкіне де залал келді.

Сондай-ақ жүздеген бейбіт тұрғын мен әскери қызметшінің денсаулығы мен өміріне қатер төнді.

Қаза тапқан азаматтардың отбасылары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамын.

Естеріңізде болса, 2020 жылдың мамыр айында менің ұсынсыммен азаматтардың бейбіт жиналыстарды өткізуі туралы заң қабылданды.

Бұл заң, шын мәнінде, елімізде демократияны ілгерілету бағытында жасалған маңызды қадам. Өйткені құжатта митинггерлер мен жиналыстарды өткізу үшін рұқсат алудың қажет еместігі, тек билік органдарына ескерту жеткілікті екені қарастырылған. Жиынды еліміздің кез келген қаласының орталығында өткізуге болатыны көрсетілген. Алайда қай жерде жиналып, не айтсақ та құқымыз бар деп санайтын кейбір «құқық қорғаушылар» мен «белсенділер» өздерін заңнан жоғары қояды.

Осындай шалақ белсенділердің жауапсыз әрекеттерінің кесірінен полиция қызметкерлері өздерінің негізгі құқықтық тәртіпті сақтау қызметіне толық көңіл бөле алмайды. Оларға көбінесе зорлық-зомбылық көрсетіп, тіл тигізеді.

Осындай «белсенділердің» кесірінен интернет бұғатталады. Нәтижесінде миллиондаған азамат пен отандық бизнес зардап шегеді.

Яғни, ішкі экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылыққа орасан зор зиянын тигізеді.

2 БЕТТЕ



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЖАРЛЫҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

№ 736

2022 жылғы 05 қаңтар

Қызылорда облысы тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 16) тармақшасына, «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4, 5, 6-баптарына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Азаматтардың маңызды және тікелей қауіпсіздігіне байланысты қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қалпына келтіру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында 2022 жылғы 5 қаңтардағы 20 сағат 30 минут пен 2022 жылғы 19 қаңтардағы 00 сағат 00 минут мерзімі кезеңінде Қызылорда облысының шекараларында төтенше жағдай енгізілсін.

2. Қызылорда облысында төтенше жағдайдың күшінде болуы кезеңінде 23 сағат 00 минуттан 7 сағат 00 минутқа дейін коменданттық сағат енгізілсін.

3. Төтенше жағдайдың кезеңінде Қызылорда облысының комендантурасы құрылып, оған «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген өкілеттіктер берілсін.

Қызылорда облысының коменданты болып Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы Бектөре Жөнсібайұлы Сұлтан тағайындалың.

4. Төтенше жағдайдың күшінде болуы кезеңінде мынадай шаралар мен уақытша шектеулер енгізілсін:

1) қоғамдық тәртіптің сақталуы, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілердің, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің күзетілуі күшейтілсін;

2) Қызылорда облысында жүріп-тұру, оның ішінде көлік құралдары қозғалысының еркіндігіне шектеулер белгіленсін;

3) жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, оларды жеке тексеру, олардың заттарын, көлік құралдарын тексеру қамтамасыз етілсін;

4) Қызылорда облысына кіру, сондай-ақ одан шығу шектелсін;

5) бейбіт жиналыстарды, ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салынсін;

6) ереуілдерге және заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұрудың немесе тоқтатудың өзге де әдістеріне тыйым салынсін;

7) қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, арнаулы құралдар, ұлы заттар сатуға тыйым салынсін, дәрі-дәрмектің, есірткі заттардың, психотроптық заттардың, прекурсорлардың, сондай-ақ этил спиртіннің, алкоголь өнімдерінің айналымына ерекше режимі белгіленсін;

8) жеке тұлғалардан қару мен оқ-дәріні, ұлы заттарды уақытша алып қою, ал заңды тұлғалардан қаруға, оқ-дәріге және ұлы заттарға қоса әскери және жауынгерлік оқу техникасын, жарылғыш және радиоактивті заттарды уақытша алып қою қамтамасыз етілсін.

5. Төтенше жағдай режимі кезінде қолданылатын шаралардың іске асырылуына жауапты болып Қызылорда облысының комендантурасы, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры осы Жарлықта белгіленген шаралар мен уақытша шектеулерді іске асыру кезінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қажетті қаражатты бөлісін.

8. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
ПрезидентіҚ.ТОҚАЕВ  
Нұр-Сұлтан, Ақорда

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
Қазақстан Республикасының Президенті:

## «ЛАҢКЕСТІККЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДАР СОДЫРЛАРДЫ ТОЛЫҚ ЖОЙҒАНША ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев лаңкестікке қарсы штабтың отырысын өткізді, деп хабарлайды Президенттің баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ақорда резиденциясында Президент Әкімшілігінің, Қауіпсіздік Кеңесінің және күштік құрылымдар басшыларының қатысуымен кеңес өткізді.

Жыны барысында еліміздегі қазіргі ахуал, сондай-ақ лаңкестікке қарсы іс-қимылдардың барысы мен өңірлердегі жағдай қарастырылды.

– Антитеррор операциясы басталды. Күштік құрылымдар қауырт жұмыс атқарып жатыр. Негізінен бүкіл өңірде конституциялық тәртіп қалпына келтірілді. Жергілікті органдар жағдайды бақылауда ұстап отыр. Алайда лаңкестер қару қолданып, азаматтардың жеке мүлкіне залал келтіруде. Сондықтан лаңкестікке қарсы іс-қимылдар содырларды толық жойғанша жалғаса береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Құрылымдық күштер басшыларының хабарлауынша, жалпы тәртіпті реттеуге атсалысу үшін Қазақстанға ҰҚШҰ-ның біріккен бітімгерлік әскери күштері келе бастады. Олар стратегиялық нысандардың қорғалуын қамтамасыз ету үшін белгілі бір шектеулі мерзімге ғана келді.

Жиында Ішкі істер, Қорғаныс министрлерінің міндетін атқарушы тұлғалар және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы есеп берді.

Мемлекет басшысы еліміздегі жағдайды одан әрі тұрақтандыру жөнінде бірқатар нұсқау берді.

### АХУАЛ ТҰРАҚТАЛЫП КЕЛЕДІ

Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекованың мәлімдеуінше, өңірде ахуал тұрақталып келеді.

– Ірі сауда орталықтары мен базарлардың азық-түлік сататын бөліктері жұмысын бастады. Қоғамдық көліктерді де кезең-кезеңімен шығару жүзеге асырылуда. Еріктілер бұзылған, залал келген аумақтарды тазарту, ретке келтіру жұмыстарына жұмыла кірісіп жатыр. Олар сондай-ақ, блок-бекеттердегі тәртіп қызметкерлеріне ыстық тамақ жеткізуді де қолға алған. Жалпы өңірдегі ахуал облыс әкімі жетекшілік ететін облыстық арнайы штабтың қатаң бақылауында, – дейді басқарма басшысы.

Айта кетейік, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мақсатында 5 блок-бекет қойылған. Олар Тұңғыш Президент паркi, Қызылорда – Павлодар – Жезқазған, Қызылорда – Жалағаш автожолында және Самара – Шымкент автожолында 2 блок-бекет орналасқан.

### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ ГҮЛШАРА ӘБДІКАЛЫҚОВАНЫҢ АЙМАҚТА ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАҒДАЙҒА СӘЙКЕС ӨНІР ТҰРҒЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН ҮНДЕУІ

**Құрметті облыс тұрғындары!**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз бойынша төтенше жағдай жариялады.

Қаруланған бұзақылық топ біздің аймақтағы облыстық, қалалық әкімдіктер, «Nur Otan» партиясы, облыстық сот ғимараттарына шабуыл жасады. Біз қызметкерлерді алдын ала шұғыл эвакуацияладық.

Бүгінгі күні облыста 168 адам ауруханаға жүгінді. Соның 77-сі ауруханаға жатқызылды. 38-і жансақтау бөліміне түсті.

**Қадірлі жерлестер!**

Бүгінгі күні облыста арнайы жедел штаб құрылып, жұмысын бастады.

Облыстағы қоғамдық-саяси ахуал біздің тұрақты бақылауымызда. Баса айту керек, қоғамдық тәртіпті өрсектел бұзып, жалған ақпарат таратқан азаматтар жауапкершілікке тартылады.

Қызылорда облысы аумағында террористік қауіптің «қызыл шекті» деңгейінің енгізілуіне байланысты теороризмге қарсы операция басталды. Осы орайда барлық азаматтарды енгізілген шектеу мен қоғамдық тәртіпті сақтауға шақырамын!

Облыс аумағында енгізілген шектеулерге байланысты Сіздерді аса қажеттілік жағдайда ғана үйлеріңізден шығуыңызды сұраймыз. Шыққан жағдайда өздеріңізге жеке куәліктеріңіз болуы қажет! Арандатушылыққа бой алдырмай, қауіпсіздік шараларын сақтап, құқық қорғау қызметкерлерінің заңды талаптарын орындауыңызды сұраймыз!

### Қақтығыстан 20 адам қаза болған

Елде, соның ішінде біздің өңірімізде де кейінгі екі-үш күнде орын алған келенсіз оқиғалар қарапайым тұрғындардың тыныштығын бұзып, қауіпсіздігіне де кері әсерін тигізіп отыр. Лаңкестер облыс орталығындағы бірқатар әлеуметтік нысандарды қиратып, күштік құрылым қызметкерлерімен қақтығысты, көшелерде оқ атылды. Салдарынан қаншама адам жараланып, тіпті көз жұмғандары бар.

7 қаңтар түсі сағат 12.00-де облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Павловтың берген мәліметі бойынша, 5 қаңтарда 168 адам облыстық және қалалық ауруханаға жүгінп, 70-і жатқызылса, 6 қаңтар күні 14 адам қарағандық ауруханада жатқаны – 56. 25 адам жансақтау бөлімінде, қайтыс болғандар саны 20-ға жеткен.

Басқарма басшысының айтуынша жедел жәрдем станциясы, ауруханалар штаттық режимде жұмыс істеді.

«Ақмешіт-ақпарат»

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ

Құқықтық тәртіпті бұзуға өздері «еркін» бұқаралық ақпарат құралдарымыз деп санайтындар мен біздің көпұлтты халқымыздың негізгі мүдделерінен ашақ «сырттағы қайраткерлер» ықпал етіп, шын мәнінде арандатушылық рөл атқарады.

Осы жауапсыз демагогтардың барлығы Қазақстанда қайғылы жағдайдың туындауына себепкер болды десек, асыра айтқанымыз емес. Біз құқықтық вандализмнің кез-келген түріне қатаң шара қолданамыз.

Біздің тарихымыздағы осы бір қиындықты тез арада еңсеретімізге ешқандай күмән жоқ. Ең бастысы, болашақта мұндай оқиғалардың қайталануына жол бермеу керек.

Мен құрған ведомстволық топ содырлар мен лаңкестерді іздеумен және оларды ұстаумен айналысады. Олардың бәрі қатаң қылмыстық жауапкершілікке тартылады деп азаматтарымызға уәде беремін.

Барша қазақстандықтан өтінерім, сақтық танытып, барынша қырағы болыңыздар. Күмәнді адамдардың қандай да бір күдік тудыратын белсенді әрекетін байқасаңыз, құқық қорғау органдары мен жедел желілерге хабарлаңыздар.

Құқық қорғау органдары мен армияның іс-қимылына, сондай-ақ олардың ведомстволық үйлесіміне қатысты анықтайтын мәселе көп.

Арнаулы жасақтың, арнаулы құрал-жабдықтардың жетіспейтіні белгілі болды. Осы мәселелерді шұғыл түрде шешуіміз керек.

Содырлардың теракт жасау туралы жымсық жоспары мен жасырын дайындығын мемлекет қалайша білмей

**Басы 1-бетте**

қалғанын анықтап, түсіну аса маңызды. Тек Алматының өзіне 20 мың содыр шабуыл жасады.

Барлық облыста әскери, әкімшілік және әлеуметтік нысандарға ұйымдасқан түрде, жоғары жауынгерлік дайындықпен және асқан кәсіптікпен шабуыл жасау әрекеті олардың нақты жоспарының болғанын көрсетті.

Содырлардан бөлек, идеологиялық диверсия жасауға әбден жаттыққан, жалған ақпараттар мен «фейктер» таратуды шебер меңгерген және адамдардың көңіл-күйіне ықпал ете алатын мамандар жұмыс істеген.

Оларды дайындаумен және басқарумен біртұтас командалық пункт айналысқанға ұқсайды. Бұл мәселемен ҰҚК мен Бас прокуратура айналысып жатыр.

Енді жақсы жаңалықтар туралы. Жағдайдың тұрақталғанына қарай еліміздің кейбір өңірлерінде интернет-байланысты белгілі бір уақытта қосу туралы шешім қабылданды. Бұл шешім азаматтарымыздың тұрмыс-тіршілігіне оң әсер ететініне сенімдімін.

Алайда интернетке еркіндік берілгенімен ойына келгенді жазуға, жалған ақпарат таратуға, біреуге тіл тигізуге, арандатушылыққа жол берілмейтінін ескертемін.

Ондай материалдар шықса, олардың авторларын тауып жауапкершілікке тарту шараларын қабылдаймыз.

Ланкестікке қарсы операция жалғасып жатыр. Содырлар әлі де қаруларын тастаған жоқ, қылмыстарын жалғастыруда немесе соған дайындық жүргізуде. Олармен соңына дейін күресу керек. Берілмегендерді жоямыз.

Болашақта басымздан өткерген қайғылы жағдайдан сабақ алуымыз керек. Бұның әлеуметтік-экономикалық ауыртпалығы да бар.

Үкімет менің 11 қаңтарда Мәжілісте айтатын сөзіме қатысты нақты шешімдер қабылдауы керек.

Ал өзінше айтарым, қадірлі отандастарым, мен сіздерді мақтан тұтамын.

Осы күндері сабыр сақтап, тұрақтылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге күш салған Қазақстан азаматтарына алғыс білдіремін.

Арандату мен деструктивті ұрандарға қарамастан заңға және өз елдеріңізге деген адалдықты сақтап қалдыңыздар.

Ірі қалалардағы студенттерге, еңбек ұжымдарының мүшелеріне, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығының жұмысшыларына азаматтық ұстанымдарыңыз үшін алғыс айтамын.

Наразылықтың бейбіт тәртібін сақтағаны үшін өңір тұрғындарына ризашылығымды білдіремін.

Бейбіт шеруде қойылған талаптардың бәрін ескереміз. Диалогтың нәтижесінде компромиске келіп, өткір әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша шешімдер қабылданды.

Сондықтан жағдай тұрақталған өңірлерде біртіндеп төтенше жағдай режимін аламыз.

Қастерлі Отанымыз – Қазақстан әлем картасындағы егемен ел ретінде қуатты мемлекетке айналады, экономикамыз анағұрлым қарқынды дамиды, азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайы жақсара түседі.

Мен мұны зор сеніммен айтып тұрмын. Өйткені оған қол жеткізу үшін қажетті реформалар мен нақты іс-шаралар жоспарын ұсынатын боламын.

Баршаныңа зор денсаулық, құт-береке тілеймін. Тек қана аманшылықта кездесе берейік!

2022 жылғы 7 қаңтар

## БАСТЫ МАҚСАТ – ЕЛДІҢ ТҮТАСТЫҒЫН САҚТАП, ХАЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ

**2022 жыл есігін ашқан соң елдегі қымбатшылыққа наразы жұрт республиканың әр аймағында бас көтеріп, шеруге шықты. Жаңаөзеннен бастау алған митинг еліміздің бірнеше аймағында өтті. Бейбіт шеруден басталған митингтердің соңы жанпай тәртіпсіздікке ұласты. Елдегі ахуалды жіті назарда ұстаған Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің тұтастығын сақтап қалу мақсатында бірқатар шешім қабылдады.**

Қазақстан Президенті қабылдаған шешімнің бірі ел үкіметін тарату болды. Үкімет басшысы Аскар Мамин өз өтініші бойынша қызметтен босатылды. Республика Конституциясына сәйкес Премьер-Министрдің қызметтен босатылуы бүкіл Үкіметтің өкілеттігін тоқтатқанын білдіреді. Үкімет мүшелері жаңа құрам жасаталғанша, өз міндеттерін атқара береді. Ал Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі міндеттерін уақытша атқару Әлихан Смайыловқа жүктелді.

Мемлекет басшысы елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты өткен жылында үкіметтік комиссия ұсынған шаралар кешенін мақұлдайтынын атап өтті.

– Біріншіден, мен Маңғыстау бойынша Үкіметтік комиссияның ұсынған шаралар кешенін мақұлдаймын. Екіншіден, монополияға қарсы органға Кәсіпкерлік кодекстің 119-бабына сәйкес сұйытылған газдың бағаларын 180 күнге уақытша бағалық реттеуді енгізуді тапсырамын. Облыстарда халық үшін шекті бағалар өткен жылдың соңындағы баға деңгейінен аспауға тиіс. Үшіншіден, Үкіметке сұйытылған газды электрондық сауда алаңдары мен биржалар арқылы өткізуге толық қошуды бір жылға шегеруді тапсырамын. Осы кезеңде нормативтік-құқықтық базаны мұқият әзірлеп, сауда алаңдары жұмысының ашық болуын қамтамасыз ету, бағаның күрт өсуін шектеу тетіктерін енгізу қажет. Төртіншіден, Бас прокуратураға бәсекелестікті қорғау агенттігімен бірлесіп, бағалық сөз байлау мен

өзге де бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттерге қатысты тергеу жүргізуді тапсырамын. Тергеуді жедел жүргізіңіз. Жиырма күн ішінде есеп беріңіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент тапсырмасына сен еліміздегі сұйытылған газ бағасы түсіп, шекті бағасы белгіленді. Республика көлемінде 50-70 тенге көлемінде белгіленген газ бағасы Қызылордада 60 тенге болып бекітілді.

Осы ретте Жаңөзен қаласындағы газ өңдеу зауытының директоры қамауға алынғанын, оған қоса, сығылған газды электронды саудалау бойынша алаңның басшысы да ұсталғанын айта кеткенді жөн көріп отырмыз. Өйткені Жаңаөзендегі зауыт басшысының газ бағасын негізсіз көтергені белгілі болып отыр. Аталған факті бойынша ҚР Қаржы мониторинг агенттігі сотқа дейінгі тергеу жүргізуде. Айта кетсек, «Қазақ газ өңдеу» зауыты Маңғыстау облысын және Қазақстанның негізгі бөлігін сұйытылған газбен қамтамасыз етеді.

Бұдан бөлек республиканың мемлекеттік хатшысы Қырымбек Қошарбаев та лауазымынан босатылып, оның орнына Ерлан Қарин тағайындалды. Сонымен қатар бұған дейін Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары лауазымын атқарып келген Мұрат Әбуғалиұлы Нұртілеу ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқаратын болды.

Қадрлық өзгерістер мұнымен тоқтамады. Мемлекет басшысының Жарлығымен Кәрім Қажымқанұлы Мәсімов Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

*«Президент ретінде, мен, азаматтарымыздың қауіпсіздігі мен тыныштығын қорғауға, Қазақстанның тұтастығына алаңдауға міндеттімін. Менің қабылдаған шараларым көп ұлтты Қазақстанның игілігіне бағытталған. Алайда бұл шаралар жеткіліксіз болып тұр.*

*Бұзақы топтардың әрекеттері жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын көріп отырмыз. Бұл қаржыландырылған бүлікшілердің жан-жақты ойластырылған жоспары екенін дәлелдейді. Бұл – қасқойлердің қышқыры әрекеті.*

*Сондықтан Мемлекет басшысы және бүгіннен бастап Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы ретінде барынша қатаң әрекет етемін. Бұл – өмір қорғап қалуға өтініш білдірген көптеген азаматымыздың қауіпсіздігіне қатысты мәселе.*

*Бұл – мемлекетіміздің қауіпсіздігіне тікелей қатысты. Халық мені қолдайтынына сенімдімін. Қандай жағдай болса да мен елордада боламын. Халықпен бірге болу – менің Конституциялық міндетім».*

(ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ)

төрағасы лауазымынан босатылды. Оның орнына Ермек Сағымбаев тағайындалды.

Республика Президенті Қауіпсіздік кеңесінің жиынын өткізіп, елдегі ахуалдың шын мәнінде ауыр екенін, мұның артында үлкен террористік топтардың бар екенін мәлім етті. – Осыған байланысты біз ланкестерге тойтарыс беру үшін оларға қарсы операция жүргізіміз қажет. Мен террористерге қарсы штабты басқарамын. Бұзақылар жасаған террористік актінің ұйымдастырушылары – нағыз террористер. Олардың қазіргі уақытта Алматы мен басқа да қалалардағы істеп жатқан жүргенсіздігі бізге белгілі. Инфрақұрылымдарды, ең бастысы, қару-жарақ сақталған қоймаларды басып алуға. Училище құрстантарымен ұрыс жүргізіп жатыр. Қазіргі уақытта Алматының түбінде Қорғаныс министрлігінің әуе-десант бөлімшелері ұрыс жүргізуде, – деді Президент.

Мемлекет басшысы террористік қауіпті еңсеру үшін ҰҚШҰ мемлекеттерінің басылыларына Қазақстанға көмек сұрады.

Ә.ЖҰМАДІЛДӨУЛЫ

## БАҚ ҚОНБАЙТЫН БАС БОЛМАЙДЫ, БАСЫП ТҰРАР САЛМАҚ КЕРЕК



Айдан күннің аманында ел ішін ала тайдай бүлдірген бұзақылардың бұл әрекеті тым өрескел жағдай. Бейбіт шеруге шығамыз деген қарапайым тұрғындардың тыныштығын тәрк етіп, азаматтардың қауіпсіздігін сызат түсірді. Мұндай террорлық әрекетке барған арандатушылық топтар өз жазасын алады деп сенемін.

«Бақ қонбайтын бас болмайды, басып тұрар салмақ керек», – дейді дана халқымыз. Тәуелсіздіктің қандай жолмен келгенін білесіздер. Қазақ елі өз тарихында қанша сұрлеуден өтіп, атының қаны, аның көз жасымен егемендікке қол жеткізді. Соны көздің қаршығындай сақтау керек. Ел бірлігі кеселдегі су секілді шайқай берсең бір тамшысы да қалмайды. Осыны санаға сіңірген абзал.

Бауыржан Момышұлының «Отан – оттан да ыстық» деген сөзі бар. Елдің амандығы, жердің тыныштығы – баға жетпес құндылығымыз. Біздің осындай жаймашуақ абықты сәтімге қызығып та, қызғанып та қарайтындыр бар. Сондықтан сыртан қараған сұқ көздерге алдырмай алдағы күндерімізге үлкен үміт пен нық сеніммен қарап, бағытымыздан таймауымыз керек.

Сайлаубай ӘБШОВ,  
қоғам қайраткері

## БІЗГЕ ЕЛДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫ МАҢЫЗДЫ



елдің тыныштығын сақтап, бейбіт жолмен шешу керек еді. Біздің бар тілегіміз халықтың амандығы мен бірлігі.

Негізі халықтың мақсаты бүлік жасау емес деп ойлаймын. Өз талаптарын айтып, оның орындалуын сұрау болатын. Бірақ біздің жастар арандатуға жол беріп, соны осындай басыздыққа ұласты. Оқиғаның мән-жайын жергілікті телеарнадан жаңалықтан көріп, іштей қынжылдым. Адамдық қасиетіміз қайда қалды? Қатігездік деген бізге тән емес, оның ішінде жастарға жат нәрсе ғой. Айналайын қызылордалықтар, әрбір отбасының әрбір адамның өмірі мен оның болашағы қымбат. Сондықтан арандатушылардан барынша сақ болайық.

Махмұтбай ӘМІРЕУЛЫ,  
акын.

## ҮКІМЕТКЕ 10 ТАПСЫРМА

**Елдегі келенсіздік салдарынан туындаған қиындықты жеңу үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үкіметке шұғыл тапсырма берді.**

1. Бас прокуратура, ІІМ, ҰҚК және басқа да құзырлы органдар өкілдерін қатыстыра отырып, болған оқиғаның себептерін анықтау, кінәлілердің бәрін тауып, қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде арнаулы тергеу тобын құру;

2. Қарулы Күштерге, ҰҚК, ІІМ, Ұлттық ұлан және басқа да күштік құрылымдарға әскери дайындығын күшейту және жабдықтау шараларын қамтамасыз ету, әскери қызметшілердің моральдық рухын қолдау;

3. Өңірлердің әкімдеріне қаза болған полиция қызметкерлері мен Қарулы Күштер әскери қызметшілерінің отбасыларына лайықты материалдық көмек көрсету;

4. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, қылмыстық топтардың іс-әрекеттері салдарынан зардап шеккендер мен із-түзсіз жоғалып кеткендер туралы ақпаратты халыққа ұсыну үшін 1414 call-орталығының базасында тікелей желі ұйымдастыру;

5. Тәртіпсіздік салдарынан келтірілген шығын көлемін анықтау жөнінде комиссия құру; жағдай тұрақталғаннан кейін Алматы қаласы мен басқа да өңірлердегі әкімшілік ғимараттарды, әлеуметтік нысандарды, тұрғын үйлерді қалпына келтіру жұмыстарына кірісу;

6. Әкімдерге коммуналдық қызмет түрлерінің, қоғамдық көлік пен әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының жұмысын тұрақтандыру;

7. Алматы қаласы мен басқа да өңірлерде қылмыстық іс-әрекеттерден зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету шараларын қабылдау;

8. Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жағдай тұрақталғаннан кейін екінші деңгейлі банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының тұрақты әрі үздіксіз жұмысын қалпына келтіруді қамтамасыз ету;

9. Дипломатиялық өкілдіктерді, сондай-ақ шетелдік инвестициялар мен шетелдік компаниялар бизнесінің субъектілерін қорғау шараларын қабылдау;

10. ҚР Сыртқы істер министрлігіне шет мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен және басқа да серіктестермен арадағы екіжақты және көпжақты ынтымақтастықтың қазіргі мәселелері бойынша тұрақты байланысты қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берілді.

«Біз жұмыла отырып, Қазақстан тарихындағы осы сын сағатты бірге еңсереміз. Бұдан шыңдалып шығамыз. Жұырда Қазақстанды саяси трансформациялау жөніндегі жаңа ұсыныстарымды жариялаймын. Мен дәйекті реформаларды бұрынғыдай жалғастыра беремін».

(ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ)

## ЖАҢАӨЗЕННЕН БАСТАЛҒАН ТОЛҚУ

Бірнеше күн бұрын Жаңаөзеннің тұрғындары алаңа шығып, сұйытылған газдың бағасы 120 теңгеге қымбаттағанына байланысты наразылығын білдірді. Тұрғындар ең төменгі бағаны жалақы мөлшеріне сәйкес 50 теңгеге дейін төмендетуді талап етті. Әлеуметтік желілерде наразылық білдірушілер үйлеріне қайтпай, түні бойы алаңда тұрғаны жайлы ақпараттар тарайды.

Басында газ бағасын төмендетуді талап етіп, жүздеген адам көшеге шыққан. Жиналған халық бейнеүндеу түсіріп, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ногаевқа үндеу жасады. Олар тез арада газ бағасын 50 теңгеге түсіруді, сондай-ақ газ тапшылығын болдырмауды талап етті.

Наразылық басталғалы желіде көптеген бейнеүндеулер жарияланды. Сол желіде тараған бейнеүндеулердің біріне жиналғандардың бірі былай деді:

«Газды өндіретін өзіміз. Сол жерлерде көбіміздің ағайын-туыстарымыз жұмыс істейді. Солар күндіз-түні еңбек етіп, өндіріп отырған газдың өзімізге жетпеуі ақылға сыймайды. Алдымен өз халқың қамтамасыз етпей жатып, көрші елдерге шығарылмасын. Газдың бағасы елдің жалақысына сай болуы керек. Бағасын 50 теңгеден асырмасын», – дейді.

Осыдан соң Жаңаөзендегі халық наразылығы одан әрі жалғасып, митингке шыққандарды Маңғыстаудың өзге де аудан, ауылдары қолдаған. Олар Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа және облыс әкіміне бейнеүндеу жолдап, халық көтерген мәселені шешуді талап етті. Бұл үндеулер Қазақстанның түпкір-түпкіріне әп-сәтте тарайды. Міне, жағдай осыдан соң тіпті шиеленісіп кетті. Араға көп уақыт салмай, еліміздің өзге де облыстары митингке шықты. Наразылық шаралары әсіресе Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Тараз облыстарында белең алды. Кейін бұл тізімді Қазақстанның өзге де ірілі-кішілі қалалары толықтырды.

Осы тұста бұл мәселеге енді білік қалай жауап берді деген сұрақ туындары сөзсіз. Енді соған тоқталайық... Алғашқы сәтте аталған оқиғаға байланысты Маңғыстау облысының әкімдігі мен Қазақстанның энергетика министрілігі түсініктеме берген болатын. Білік өкілдері өңірдегі көліктердің біраз бөлігі отын ретінде пайдаланылатын газ нарықтағы жағдайға және сұраныстың көбеюіне байланысты қымбаттады деп түсіндірді. Министрліктің мәлімдемесіне сүйенсек,

елде жыл сайын сұйытылған газ тұтыну артып отырады, ал өндіріс көлемі өткен жылдардағыдан өзгермеген.

«Нарық механизмдері бәсекелестікті дамытуға оң әсер етеді. Электроды сауда-саттыққа көшкенге дейін сұйытылған газ өзіндік құнынан арзан бағамен сатылғандықтан өндірушілер шығынға батып келді», – дейді министрлік.

Ал Мемлекет басшысы жағдайды тұрақтандыруға бағытталған ең алдымен атқарылатын шаралар туралы баяндады.

– Біріншіден, мен Маңғыстау бойынша Үкіметтік комиссияның ұсынған шаралар кешенін мақұлдаймын. Екіншіден, монополияға қарсы органға Кәсіпкерлік кодекстің 119-бабына сәйкес сұйытылған газдың бағасын 180 күнге уақытша бағалық реттеуді енгізуді тапсырамын. Облыстарда халық үшін шекті бағалар өткен жылдың соңындағы баға деңгейінен аспауға тиіс. Үшіншіден, Үкіметке сұйытылған газды электрондық сауда алаңдары мен биржалар арқылы өткізуге толық көшуді бір жылға шегеруді тапсырамын. Осы кезінде нормативтік-құқықтық базаны мұқият әзірлеп, сауда алаңдары жұмысының ашық болуын қамтамасыз ету, бағаның күрт өсуін шектеу теткістерін енгізу қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Президент әлеуметтік-экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін бірқатар қосымша тапсырма берді. Соның ішінде ең өзектілерінің бірі – «Қазақстан халқына» деп аталатын қоғамдық қор құру. Денсаулық және балалар мәселесін шешуге арналған аталған қор мемлекеттік және жеке көздер арқылы қаржыландырылатын болады.

Бүкіл елді елең еткізген оқиғаға байланысты қоғам белсенділері өз пікірлерін білдірген. Сенат депутаты Нұрғалиев Жүсіп Президенттің үкіметке берген тапсырмаларына тоқтала келіп, елді сабырлы болуға шақырды.

Ел сабырға келіп, мәселенің заң аясында шешілгені абзал. Халықтың толқуы инфляцияның өршуімен байланысты. Және бұған Үкіметтің кінәсі бар екендігін Президент ашып айтты. Оған елдегі баға тұрақсыздығын қосыңыз. Халық тарапынан әлеуметтік-экономикалық талаптардың қойылуы мәселенің шиеленісіп кеткендігін көрсетеді. Сондықтан енді жасқалатын Үкіметтің алдында елдің әлеуметтік жағдайын реттеу міндеті тұр. Одан бөлек,

газ, бензин, дизель бағасының қымбаттауы болды. Осы орайда еліміздің мұнай-газ саясатын қайта қарап, шұғыл реттеу керек деп ойлаймын.

Халық заңға сәйкес бейбіт шеру өткізудің ережесін сақтау қажет. Сосын жастарды қызуқандылыққа бой алдырмауға шақырамын. Себебі арандатушылық пен төбелес мәселені шешпейді, керісінше тығырыққа тірейді. Сондықтан артық эмоциядан абай болған жөн. Бастысы, Тәуелсіздіктің тұтастығы мен халықтың амандығы», – деді Н. Жүсіп.

Ал жазушы Дулат Исабеков елдің арандатушыларға еріп кетпеу керектігін еске салды.

«Қымбатты жаңаөзендіктер, Маңғыстау мұнайшылары!

Сіздердің талаптарыңызды өте орынды деп есептеймін. Газдың үстінде отырып газ қымбаттаса, мұнайға шомылып отырып жарнамалық қымбаттаса, қамба толы астықтың үстінде отырып нан қымбаттаса, халық наразы болмағанда қайтпек? Барыс жылының басында барысқа тән мінез көрсеткендеріңізді қолдаймын. Тек, араларыңызға арандатушылар араласып кетпесін, содан сақ болғайсыздар.

Біздің үкімет өзін «естітін үкімет» деп жариялады ғой. Естіп, көріп отырған шығар бәрін. «Халық жазушылары мен халық артистері» халықтың жағында болатын шығар деп сенемін. Әділдікті талап ету жолындағы наразылыққа билік бұл жолы күш көрсете қоймас. Тек, арандатушылықтардан сақ болғайсыздар!», – деді жазушы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңаөзендегі халық наразылығына байланысты үкіметке тапсырма бергеннен елдегі наразылық басыла қоймады. Керісінше өрши түсті. Соңында еліміздің әр облысында бейбіт шеруге шыққан қарапайым халық арандатушылардың ізіне еріп кетті. Мұның соңы көтерілісшілердің облыс әкімдері мен қузырлы органдардың мекемелеріне шабуыл жасап, маңызды нысандарды өртеп, елге зиян тигізді. Тіпті әскери адамдарды өлтіріп, жержерді тонап, қарапайым тұрғындарға қолан-лоқық көрсетуге ұласты. Көтерілісшілер қоғамдық тәртіпті бұзып, ел ішіндегі жағдайды ушықтыра түсті. Бұл оқиға біздің облысты да айналып өткен жоқ. Бүгінде өңірде экстремистерді басу шаралары қарқынды жүргізілуде.

Ақтілек БІТМБАЙ

### БАРЛЫҒЫН БАЙЫШПЕН ШЕШУ ҚАЖЕТ



Ел ішіндегі ахуал барша қазақ даласына оңай тиген жоқ. Жасайтын жоқ, бейбіт шеруден бастау алып, арты террористік, экстремистік ұйымдардың шабуылына ұласып кетті. Біз барлығын байыппен бейбітшілік түрде шешуіміз қажет. Ланкестер қолдарына қару алып, елдің тұтастығына нұқсан келтірді. Мемлекет басшысы дұрыс шешім қабылдап отыр. Ең бастысы, экстремистерден халықты қорғап, елдің тұтастығын сақтау керек.

Әрине, ел болғаннан кейін қиындық та болады. Қымбатшылық қарапайым халыққа оңай тиген жоқ. Зұлымдықты көздегендер жұрттың осал тусын дөп басты. Ұйымдасқан топқа қарапайым халық арандап қалды. Барлығы бейбіт түрде өтеді деп ойлаған көпшілік қателесті.

Сұлтанбек ТӘУШБАЕВ, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы

### ҮКІМЕТ ЖАҢА КАДРМЕН ТОЛЫҒУ КЕРЕК



Расында, Жаңаөзендегі оқиға – халықтың әлеуметтік мұқтажының шешуге байланысты наразылық. Бірақ соны осыншалықты лаңкестікке, дүрбелеңге ұласады дегенді ешкім де ойлаған жоқ.

Бұл жағдай баста жоспарланған болуы да мүмкін. Себебі соңғы он-он бес жылдың көлемінде әлеуметтік жағдай осындайға әкеп соқтырды. Жоғары жақта отырған белгісіз күштер әдейі халықты тығырыққа тіреп, осындай бейбастықты ұйымдастырған сынайлы. Олар заңды бөлшеден басып, Мемлекет басшысын тақтан тайдыруды көздеген секілді. Мәселен, Қызылорда да болған жағдай шектен шыққандық деп ойлаймын. Халықтың мақсаты қымбатшылық пен әлеуеттік мәселе еді. Алайда облыс әкімдігін қиратып, полицияға шабуыл жасап, қызметтік көлікті өртеу, облыстық соттың ғимаратын өртеу әдейі ұйымдастырылған дүние. Бұл оқиғадан билік пен полицияға белгісіз күштердің қыжылы барын аңғаруға болады.

Облыстық соттың ғимараты өртеу оранғанда біздің «Қоғам тв» телеарнасының да бір жағы өртеніп, ішіндегі техникаларымыз жарамсыз күйге түсті. Сондай-ақ біздің электр сымдар үзіліп, су жолдарын жарып, істен шығарып кетті. Дер кезінде өрт сөндірушілерді шақырып, көмек күткенмен ешқандай көмек келмеді. Ертеңге қалада өрт болып жатқанда неге келмедіңдер деген өрт сөндірушілер «бізге тапсырма берілген жоқ» дегенді айтқанда жағамды ұстадым. Соған қарағанда белгісіз күштер осындай бейбастықты арқылы халықтың үрейін туғызып, мысын басып, қасақана заң бұзушылық әрекеттерге барған секілді. Керек болса, мемлекеттік төңкеріс жасауға да дайындалғандай көрінеді. Бұл жағдай заң аясында дұрыстап зерттелетін болса, белгісіз күштің басы-қасында жүргендер де анықталады. Мұндай жағдайды жемқорлыққа толы жүйенің салдары деп білемін.

Қазақстанды қайта қалпына келтіріп, жаңа жүйеге көшіруге әрбір қазақстандық жауапты болуы тиіс. Еліміз 30 жылда қаншама табысқа жетті. Оны жоққа шығара алмаймыз. Тәуелсіздік жолында қаншама ата-бабамыз үлкен құрбандыққа барды. Қазіргі кездегі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдап жатқан шаралары өте дұрыс. Оған бізміз бір ауыздан атсалысуымыз керек. Шынын айтқанда, көптеген өзгерістер қажет. Алдағы уақытта елімізде жаңалық пен жақсылық орын алу үшін үкімет жаңа кадрмен толығып, жаңа бастамаларды қолға алу керек деп ойлаймын.

Шәңзахад ӘДЖІКІРІМОВ, облыстық мәслихат депутаты

## ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ТАТУЛЫҚ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ



Елдегі жағдай бәрімізге де оңайға соғып отқан жоқ. Бірлігіміз – басты байлығымыз. Соған сызат түсіріп алмауымыз маңызды. Сондықтан да Сыр жұртшылығын ауызбіршілікке шақырып, ақыл парасатқа үндеймін. Қазақ қай замандарда да бекем бірлігінің арқасында үлкен белестерді бағындырып, жетістікке жетіп отырған. Қоғамдағы келеңсіздік өз реттілігімен оң шешілуі керек деп есептеймін. Нарық заманында халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, талап тілегін ескерудің де маңызы ерекше.

Басы бейбіт шеруден басталған ереуіл соңы экстремистік топтардың шабуылына ұласты. Вандализмге жол берілді. Бейбіт тұрғындар атын жамылған террористер қару қолданды.

Жағдайды реттеу үшін Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев шұғыл тапсырмалар берді. Республика көлемінде төтенше жағдай жарияланды. Елдегі ахуал біртіндеп қалпына келуде.

Халық қалаулары өздері сайланған аймақтың әлеуметтік ахуалын толық білеміз. Соларды жоғары жаққа жеткізіп, бұқара мен билік арасында оң көзқарас қалыптастырамыз. Мұны айтып отырған себебін, халықтың ұсынысын еститін адам бар екенін білгені дұрыс деген ой. Сайлауалды бағдарламаларымызда айтылған әрбір жоспар жүйелі түрде орындалып жатқаны жұртшылық назарында. Тұрғындар жеке мәселелері бойынша да қаншама қабылдаулар өткізілді. Көпбалалы, тұрмысы төмен отбасыларына қажетті көмектер берілуде. Ол бір науқанда ғана емес, тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Осы мақсаттағы жұмыстар алдағы уақытта да іске асырыла бермек. Тұрақтылық пен татулық – тәуелсіздіктің тірегі. Осыны ұмытпаған абзал.

Нұрлан ТУРҒАНБАЕВ, қалалық мәслихат депутаты

## ПРЕЗИДЕНТ ҮНДЕУІ ЕЛ СЕНИМІН НЫҒАЙТТЫ

Тәуелсіз еліміздің тарихында үлкен ауқымдағы толқулар мен жалпы халықтық шерулер орын алғанына куә болдық. Әрине, халықтың өз наразылығы мен ой-пікірлерін бейбіт митингтер арқылы білдіру дамыған елдердің тәжірибесінде бар екендігін, демократиялық қоғамның дұрыс функцияларының бірі екендігін білеміз.

Өкінішке орай, шерудің арты белгілі бір топтың араласуымен бұзақылыққа ұласып, соны террорлық әрекетке жалғасты. Осының салдарынан шағын және орта бизнес өкілдеріне үлкен шығын келіп, кәсіпкерлікке үлкен зиян келтірді. Пандемиядан кейін енді бас көтере бастаған кәсіпкерлерге бұл жағдайдың үлкен соққы болғаны ақиқат. Қазіргі кезде кәсіпкерлер өз өнімдері мен қызметтерін көрсетуге мүмкіндігі болмағандықтан, қаншама отбасылар табысыз қалуда. Аталған жағдайлар елдің дамуын тежеуде.

Ендігі кезекте тұрғындарды тұрақтылық пен сабырлыққа шақырамын. Президенттің үндеуі – халықтың уайымын басып, ертеңгі күнге сенімін нығайтты. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Жандос ОРАЗМАХАНОВ, «Kyzylorda Business Hub» ЖШС директоры, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Рекруттинг» орталығының басшысы

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДА ҚОҒАМДЫҚ ҚАУПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ШТАБ ОТЫРЫСЫ ТУРАЛЫ

06.01.2022 жылғы №3 бұйрығы

«Қызылорда облысында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы №736 жарлығына сәйкес және Қызылорда облысында «Төтенше жағдай» жариялануға байланысты жедел штаб отырысының қорытындысы бойынша келесіні БҰЙЫРАМЫН:

1. Қызылорда облысының полиция департаменті:  
1.1. Жедел әрекет ету тобын құру туралы бұйрық әзірленсін;  
1.2. ҚР Ұлттық Ұлан №5547 әскери бөлімі, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері бірлесіп, Қызылорда қаласы және аудандардың кіру-шығу автомобильдік тасжолдарына қарулы блок-посттар және төтенше жағдай уақытында (сағат 23:00-ден 07:00-ге дейін) адамдардың қоғамдық орындар мен көшеде жүруіне және оның құралдары қозғалысының еркіндігіне шектеулер қойылысын.

2. Қызылорда облысының полиция департаменті, Қызылорда облысының прокуратурасы, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті, Қызылорда облысының қылмыстық-атқару жүйесі департаменті, Қызылорда облысының төтенше жағдайлар департаменті, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті, ҚР Ұлттық Ұлан №5547 мемлекеттік күзет қызметі басқармасы, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері:

2.1. қоғамдық тәртіптің сақталуын, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілердің, сондай-ақ тыныс тіршілігін және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің күзетілуі күшейтілсін;

2.2. жеке тұлғалардың жеке басын қуәландыратын құжаттарды тексеру, олардың заттарын, көлік құралдарын тексеру қамтамасыз етілсін;

2.3. бейбіт жиналыстарды, ойын-сауық, спорттық және басқа бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тиым салынсын;

2.5. ереуілдерге және заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұрудың немесе тоқтатудың өзге де әдістеріне тиым салынсын;

2.6. ҚР ДСМ медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментімен бірлесіп, қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, арнаулы құралдар, улы заттар сатуға тиым салынсын, дәрі-дәрмектің, есірткі заттардың, психотроптық заттардың, прекурсорлардың, ерекше режимі белгіленсін;

2.7. жеке тұлғалардан қару мен оқ-дәріні, улы заттарды уақытша алып қою, ал заңды тұлғалардың қаруға, оқ-дәріге және улы заттарға қоса әскери және жауынгерлік оқ техникасын, жарылғыш және радиоактивті заттарды уақытша алып қою қамтамасыз етілсін;

2.8. Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратының күзетілуі күшейтілген режимді қамтамасыз етілсін.

3. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы мен Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері бірлесіп, төтенше жағдайға енгізілген кезеңінде жұмылдырылған құқық қорғау органдарының, Ұлттық Ұлан әскери, Қорғаныс министрлігінің қызметкерлерін 5 мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етісін (танғы, түскі, кешкі ас).

4. Қызылорда облысының төтенше жағдайлар департаменті Қызылорда облысында төтенше жағдайдың жеке коменданттық сағат енгізілуі бойынша хабарламаларды ұлы байланыс арқылы (sms) облыс тұрғындардың назарына жеткізілсін.

5. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы ҚР ДСМ медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаменті, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы бірлесіп:

5.1. облыс көлемінде азық-түлік дүкендері, дәріханалардың жұмыс уақыты сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін шектелсін;

5.2. облыс көлемінде алкогольдік өнімдерінің сатылуы тиым салынсын;

5.3. облыс көлемінде кафе-барлар, мейрамханалар, гипер, опто, супермаркеттердің, қоғамдық моншалар, сауналар, спорттық ұйымдар, ойын-сауық орталықтарының қызмет уақыты тоқтатылсын;

5.4. облыс аумағында орналасқан барлық қару-жарақ және арнайы құралдарды сататын жүккендер жабылсын.

6. Қызылорда облысының желілік полиция бөлімі әуежай, теміржол мен автовокзалдарға кіру шектелсін (жолда жүру билеті барлар, шығарыпсалынушыларсыз және оларды сатып алуға келгендер ғана кіргізілсін).

7. Қызылорда облысының полиция департаменті, Қызылорда облысының прокуратурасы, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті, Қызылорда облысының қылмыстық-атқару жүйесі департаменті, Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік күзет қызметі басқармасы, басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес арнайы органдар қару-жарақ пен арнайы құралдарды Қызылорда облысының полиция департаментінің қару-жарақ сақтау қоймасына тапсырылсын.

8. Барлық мемлекеттік және арнайы органдар барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерге келтірілген шығын көлемі есептелсін.

9. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы, Қызылорда қаласының әкімі:

9.1. Полиция жедел жасағының қозғалысын қамтамасыз етуге 4 автобус бөлінсін;

9.2. қосымша көмекке келген қызметкерлерді орналастыру орны белгіленсін (сыйымдылығы 300 адамға).

10. Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы төтенше жағдай жөнінде, орналастырылған блок-посттар туралы және төтенше жағдай кезінде жұмылдырылған қызметкерлердің жұмысының нәтижелерін түсіріп, жарияласын.

11. Осы бұйрық көз қойылған күнінен бастап күшіне енгізілсін және орындалу мерзімі арнайы шешім қабылданғанға дейін күшінде сақталсын.

12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

Б.Ж.СҰЛТАН, Қызылорда облысының полиция департаментінің бастығы, аумақтық комендант

# ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚ ҚАНЫПЕЗЕРЛІК ӘРЕКЕТКЕ БАРМАЙДЫ НЕМЕСЕ ЛАҢКЕСТЕРДІҢ ЛАҢЫНАН КЕЙІНГІ ҚЫЗЫЛОРДА



Бірнеше күннен бері елдегі ахуалды пайдаланып, бейбіт шерудің соның экстремистік шабуылдарға ұластырғандар жұрттың үрейін ұшырды. Жаңаөзеннен бастау алған бейбіт мақсаттағы толқуды өз пайдаларына шешуді көздеген деструктивті ұйымдардың бұған арнайы дайындалғаны анық. Республикадағы жағдайды жіті қадағалап отырған Мемлекет басшысы тиісті шешімдер қабылдап, бүкіл Қазақстан аймағына төтенше жағдай енгізді.

Өкінішке орай, террористік әрекеттер Алашқа ана атанған Сыр өңірінде де болды. Қолда бар ақпараттарға сүйенсек, қаруланған бұзақы топ облыстық, қалалық әкімдіктерге, «Nur Otan» партиясы мен облыстық сот ғимаратына шабуыл жасаған.

Бүгінгі күні облыста 168 адам ауруханаға жүгінді. Соның 77-сі аурухана жатқызыла, 38-і жансақтау бөліміне түскен.

Өз кезегінде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова аймақта қалыптасқан жағдайға байланысты өңір тұрғындарына арнап, үндеу жолдады.

– Қызылорда облысы аумағында террористік қауіптің «қызыл шекті» деңгейінің енгізілуіне байланысты терроризмге қарсы операция басталды. Осы орайда барлық азаматтарды енгізілген шектеу мен қоғамдық тәртіпті сақтауға шақырамын, – деді аймақ басшысы.

Түптеп келгенде халықтың мақсаты қымбатшылық пен әлеуметтік мәселе еді. Алайда басқа мақсатты көздегендер осыны пайдаланып, халықтың атын жамылып, әрекет еткені көрініп тұр. Басқасын айтпағанның өзінде облыс әкімдігін қиратып, полицияға шабуыл жасап, қызметтік көлікті өртеу, облыстық соттың ғимаратын өртеу орау қарапайым жұртқа керек емес. Елдің тұтастығын бірінші орынға қойып, бейбіт заманда өмір сүретін халық қаныпезерлік әрекеттерді жасамайды. Президенттің сөзімен айтқанда бұл – шетелде арнайы дайындықтан өткен экстремистік топтардың әрекеті. Олардың әрекетінен келген залалдың өзін есептеу оңай емес. Бұл ретте біздің журналистерге де зиян келгенін айта кету керек. Белгілі қаламгер, облыстық Мәслихат депутаты, «Қызылорда қоғамдық телераионының» құрылтайшысы Шәкізата Әбдікерімов облыстық соттың ғимараты өртенгенде «Қоғам ТВ» телераионының да бір жағы өртеу оранып, едәуір залал келгенін жеткізді.

– Облыстық соттың ғимараты өртеу оранғанда біздің «Қоғам ТВ» телераионының да бір жағы өртеніп, ішіндегі техникаларымыз жарамсыз күйге түсті. Сондай-ақ біздің электр сымдар үзіліп, су жолдарын жарып, істен шығарып кетті. Дер кезінде өрт сөндірушілерді шақырып, көмек күткенмен ешқандай көмек келмеді. Ертеңіне қалада өрт болып жатқанда неге келмедіңіздер дегенде өрт сөндірушілер «бізге тапсырма берілген жоқ» дегенді айтқанда жағамды ұстадым. Соған қарағанда белгісіз күштер осындай бейбастықты ұйымдастыру арқылы халықтың үрейін туғызып, мысын басып, қасақана заң бұзушылық әрекеттерге барған секілді. Керек болса, мемлекеттік төңкеріс жасауға да дайындалғандай көрінеді, – деді әріптесіміз.

Ардагер-журналист, елге белгілі ақын Махмұтбай Әміреұлы мемлекеттік нысандарға басып кіріп, оны бүлдіргендердің өте өрескел әрекетке барғанын айтты. «Жастар белгісіз бір күштің жетегіне еріп, өздерін құрбандыққа шалды. Біздің бар тілегіміз – халықтың амандығы мен бірлігі», – деді ақын.

Бүгінгі күні облыста арнайы жедел штаб құрылып, жұмысын басталды. Аймақтағы қоғамдық-саяси ахуал облыс әкімдігінің тұрақты бақылауында. Қызылордаға кірер-шығар жолдың бөріне блок-бекеттер қойылды. Қоғамдық тәртіпті өрескел бұзып, жалған ақпарат таратқан азаматтардың жауапкершілікке тартылатынын айта кеткенді жөн санап отырмыз. Облыс әкімі халыққа үндеуінде жұртты барынша сақ болуға шақырды.

– Облыс аумағында енгізілген шектеулерге байланысты Сіздерді аса қажеттілік жағдайда ғана үйлеріңізден шығуыңызды сұраймыз. Шыққан жағдайда өздеріңізде жеке куәліктеріңіз болуы қажет. Арандатушылыққа бой алдырмай, қауіпсіздік шараларын сақтап, құқық қорғау қызметкерлерінің заңды талаптарын орындалуыңызды сұраймыз, – деді аймақ басшысы.

Лаңкестердің әрекетінен кейінгі картинаны дәлме-дәл беру үшін суреттер топтамасын ұсынып отырмыз.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



## ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАҒАН ДҰРЫС

Облыстық полиция департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, қаруланған бұзақылық топ облыс орталығында 9 нысанды өртеген. Дегенмен, ғимараттағы қызметкерлер алдын ала шұғыл эвакуацияланды. Сонымен қатар полицияның 24 қызметтік автокөлігі өртеніп, 8-і зақымданған. Бұдан бөлек, тәртіп бұзушылар 6 модульдік полиция пунктін өртеп, тағы біреуін сындырған.

Құқық бұзушылық деректері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Облыс аумағында қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мақсатында 5 блок-бекет қойылды. Атап айтқанда, Тұңғыш Президент паркі, Қызылорда – Павлодар – Жезқазған, Қызылорда – Жалағаш тасжолдарында және Самара – Шымкент тасжолында 2 блок бекет орнатылған. Оларда тәулік бойы әскерилер қызмет етеді. Арнайы техникамен қамтамасыз етілген.

4 қаңтардан бастап 80 адам ішкі істер органдарына жеткізілген. Олардың әрбірінің іс-әрекетіне құқықтық баға берілетін болады. Облыс орталығындағы барлық көшелерде патрульдер қызмет атқаруда.

Айта кетейік, елімізде соңғы оқиғаларға байланысты 5-19 қаңтар аралығында төтенше жағдай енгізілді. Полиция департаменті облыс бойынша шектеулерге байланысты тұрғындардан қоғамдық тәртіпті сақтауды сұрайды.

«Ақмешіт-ақпарат»



Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы Тапсырыс №

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтілек БТІМБАЙ